



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Знание, 1983.

7. Конева В.С. Формирование критичности младших школьников в учебной деятельности// Система формирования и развития младшего школьника как субъекта учебной деятельности и нравственного поведения. – С-б., 1995.

ОӘК: [372.8:811]:004.032.6

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ БІР ЖОЛЫ - МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ауелбекова А.Н.

vasya_1994@mail.ru

Еуразия Ұлттық Университеті, Филология факультеті, ШТ-41 студенті,

Астана қ, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Д.Х. Байдрахманов

Аннотация: Бұл мақалада оқыту процесіндегі яғни ағылшын тілі сабағында мультимедиялық құралдардың (компьютерлік оқыту құралы, интерактивті тақта) мүмкіндіктері мен мультимедиялық құралдарды пайдаланып оқытуға қол жеткізудің нәтижелері жазылған

Кілттік сөздер: мультимедия, компьютерлік оқыту құралы, видеоконференция, интерактивті тақта, электрондық пошта.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан, білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Білім берудің жүйесінің қай саласы болмасын осы технологияларды кеңінен қолдануда көптеген сапалы нәтижелерге жетуде. Осы мақсатта еліміздің болашағы үшін осы мүмкіндікті қалай пайдалану, қоғамды ақпараттандыруды қолға алуда. Мақсатқа жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озық үлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттық кеңістікте әр түрлі деңгейдегі ақпараттарды қажетіне жарата білу керек. Білім берудің жүйесінің негізі – мектеп болғандықтан, мектепте жаңа технологияларды кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі таңда өркениетті ел ретінде көптеген шет елдермен қарым-қатынасымыз күннен-күнге нығайып, беделіміз артып келеді. Бұл шетел тілін оқытуды жақсартуды, оны терең меңгертуді талап етеді. Ағылшын тілі – өте ауқымды тілдердің бірі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру реформасы бойынша ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тілдің төрт негізгі дағдысын, яғни оқу, жазу, тындап түсіну және сөйлеуді дамытуда жасанды шетел тілі ортасын құруға тура келеді. Сондықтан оқыту барысында икемді және ауқымды мультимедиялық бағдарламаларды қолдана отырып, білімді, ойлы және өнерлі тұлғаны қалыптастыру, жетістікке жетудің бір жолы болып табылады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» деген тақырыпта оқыған лекциясында: «Осы заманғы әлем жаһандану кезеңін – адамзаттың біртұтас ақпарат және коммуникациялар кеңістігінде жан-жақты бірігу, бүкіл планетаның біртұтас экономикалық рынокқа айналуы дәуірін бастан кешіруде» деп бағдар берген болатын [1, 28]. Шетелдік және отандық педагогикалық, әдістемелік тәжірибелер көрсеткендей, мультимедиялық бағдарламаларды 1000-ға жуық мектеп тілдерді оқытуда қолдану оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығын, құштарлығын арттыру үшін ерекше жағдай туғызады.

Шетел тілін білу әлем мәдениетіне қосылуға көптеген мүмкіндіктер береді, яғни кең көлемді интернет желісінде әрекеттерді мүмкіндігінше қолдана білу, ақпараттық және коммуникациялық құралдармен жұмыс істеу және мультимедиялық оқыту құралдарын

қолдану. Осыған байланысты шетел тілін оқытуда *компьютерлік оқыту құралдарын* қолдану әдістемеге өте көп үлесін қосады.

Компьютерлік оқыту құралы және ағылшын тілі сабағы – жаңа тәсілдер мен ерекше шешімдерді талап ететін әдістемедегі өзекті бағыт. Компьютер тек мектеп қабырғасында емес, адам әрекетінің барлық салаларында қолданылады. Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі Интернет желісінің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Шетел тілін оқыту барысында ғаламдық Интернет желісі оқушыларға жер шарының кез-келген нүктесіндегі оқушылар мен оқытушыларнан керекті ақпараттар аламсуға және ой өрісін кеңейту мақсатында шет елдік достарымен байланыс орнатуға, тестілеу, викторина, олимпиада, видеоконференцияларға қатысуға мүмкіндік береді. Ағылшын тілі сабақтарында Интернет желісі арқылы оқу дағдыларын қалыптастыру, жазу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорды дамыту және ағылшын тіліне деген құштарлығын ояту, сабақ мазмұнына желідегі материалдарды енгізу, жоба жұмысы бойынша оқушылардың жеке ізденістерін жүргізуге көмектесу, әр түрлі деңгейдегі желі материалдарын пайдалана отырып, оқушылардың оқуға деген икемділіктерін дамыту және жетілдіру, өзара хат алмасу нәтижесінде білім алушылардың жазу дағдысын дамыту, шет тілінің заманауи сөздіктерімен сөз қорын қалыптастыру, желі арқылы басқа елдердің мәдениеті, әлеметтік және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер табу, талдауды үйрену секілді бірнеше дидактикалық шешімдерді табады [2, 115].

Оған қоса, ақпараттық жүйе ретінде Ғаламтор өз пайдаланушыларына басқа да ресурстарды ұсынады:

- 1) электронды пошта (e – mail);
- 2) телеконференциялар (usenet);
- 3) видеоконференциялар;
- 4) өз мәліметтерін енгізу мүмкіндігі, өзінің жеке бетін қалыптастыру (homepage) және оны Web – серверде орналастыру;
- 5) ақпараттық ресурстарға қолжетімділік;
- 6) анықтамалық каталогтар (Yahoo!, InfoSeek/UltraSmart, LookSmart, Galaxy);
- 7) ізденіс жүйелері (Alta Vista, HotBob, Open Text, WebCrawler, Excite);
- 8) желіде сөйлесу (Chat) [16, 209].

Қазіргі уақытта дүние жүзінде электрондық пошта көпшілікке белгілі және телефон, радио, факс ретінде кең таралған.

Электрондық пошта - мұғалімдер мен алыстағы оқушылар арасындағы ақпарат алмасудың тиімді тәсілі. Электрондық почта экономикалық және технологиялық жағынан тиімді технология болып табылады және оқу үдерісі кезінде оқу курстарының мазмұндық жағын жеткізу және оқытушының оқушымен кері байланыс қамтамасыз ету үшін қолданылады. Бұл уақытта дәстүрлі оқыту кезінде мұғалім мен оқушы арасындағы "диалог" шектеулі болады. Алайда оқушылар модельдік және телефондық каналы бар жеке компьютерді пайдалана алады, электрондық почта консультацияның интенсивті үдерісін іске асырады. Бөлінетін ақпараттық ресурстарға жол табу белгілі бір нәнді игеруде кітапхаларға, ақпараттық-анықтамалық жүйелерге интерактивті түрде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.

«Активті экран» бағдарламалық – техникалық кешенінің дидактикалық мақсатта пайдалану барысында олардың негізгі қызметі – жалпы ақпаратпен кәсіби біліктілікті жетілдіру бағытында қолданып, сонымен қатар бұл құралдың оқушылардың, ойлау және ойын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін, арттырып өз ойларын жаңа технология құралдары көмегімен жүзеге асыруын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатыны белгілі болды. Бағдарламалық–техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар

көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады [3, 56].

Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді. Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.

1) *Ақ тақта режимі* – ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады.

2) Екінші режим – *Office режимі*. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point – презентациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш» объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office – нің барлық мүмкіншілігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі – құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни экраннан түсірілген суретпен емес құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Мұғалім оқушыны тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады «тік төртбұрыш» объектісін жылжыту немесе жою арқылы және дайындалған материалды шаблон ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады. 3) Үшінші режим – *тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы*. Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған компонентін қолдануға болады. Бұл компонент арқылы Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, графиктік редакторлардың немесе программалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіншілік береді.

Қорытындылай келгенде, оқушылардың ағылшын тілін меңгеруде мультимедиялық құралдарын қолдана отырып қызығушылығын арттыру оқытушының негізгі міндеті болып табылады, себебі кез-келген тілді меңгеруде оқушының сол пәнді оқуға қызығушылығы жоғары болса, мұның нәтижесі де таң қаларлық болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. //Астана, - 2004. – 65б
2. Дацюк Г.И. Психолого-педагогические особенности применения информационных-коммуникативных технологий в учреждениях общего среднего образования: дисс. канд. пед. наук. - М., 2001. – С.175
3. С.С. Сенғалиев Интерактивті тақта мүмкіндіктерін қолдану. Бастауыш сыныпта оқыту, 2010ж. №5 35б

ОӘК: [372,8:811.111]:004

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ахметжанова А.Р.